

БАС МИЫНЫҢ СОЗЫЛМАЛЫ ИШЕМИЯСЫ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ ЕМІНІҢ СҰРАҚТАРЫНА.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты бас миының созылмалы ишемиясы бар науқастардың еміндегі «Танакан» препаратының терапевтикалық тиімділігіне және төзімділігін оқып үйрену болып табылады. Зерттеудегі негізгі топтың 25 пациентті «Танакан» препаратын 40-80мг мөлшерде үш реттен, 2 ай уақыт қабылдаған. «Танакан» препаратын қабылдағандарда когнитивті функциясының және есте сақтаудың жақсаруы, нейрорпсихологиялық тесттерді жақсы орындау, сонымен бірге бас миының созылмалы ишемиясы бар пациенттерде неврологиялық ошақтардың регрессі байқалды. Препаратқа төзімділік жақсы боғандықтан, оны осы категориядағы науқастарды емдеу үшін ұсынуға болады.

Түінді сөздер: *бас миының созылмалы ишемиясының емі.*

Денсаулықсақтаудың ең өзекті мәселелері, таралуы және қолайсыз жағдайларына бойынша бірінші орында тұратын, жүрек-тамыр ауруларымен күресу үшін іс-шаралар ұйымдастыру болып табылады. Соңғы жылдары созылмалы цереброваскулярлы патологиялардың көбейіп кетуі өзекті мәселеге айналып отыр, оны әлемдегі тұрғындардың орта жасы жоғарылауымен байланыстырады. Тұрғындардың орта жасының ұлғаюы цереброваскулярлы аурулары бар науқастардың аурушаңдығын және өлімшілділігін жоғарылатады, сонымен бірге осы патологияның негізгі таралу қауіп факторына әсер етеді. [1,2,3]

Бас миының созылмалы ишемиясы(БСИ), немесе дисциркуляторлы энцефалопатия бұл-баяу өршитін бас мидың қанмен қамтамасыз етілуінің жеткіліксізділігі, ол ми тінін кіші ошақтақтық некроздарға және бас миының қызметінің біртіндеп бұзылуына алып келеді. Жүйке жүйесінің созылмалы ауруларының жиі көрінісі, 5-6шы онжылдықтың негізінде дебютталады. Заманауи сатыда осы патологияның жасаруы байқалады. [4,5]

БСИ бар науқастарға терапевтикалық іс-шаралар негізгі патологиялық үдеріске бағытталуы тиіс, олар церебралды гемодинамиканы жақсарту және мидың қызметтік мүмкіншіліктерін жоғарылату. Алғашқы кезекте, артериялық гипертензияны және атеросклерозды адекватты емдеу өте маңызды. Ишемиялық бұзылыстарда гемостаздың тромбоциттарлы-тамырлық звенасының белсенділігі БСИ емінде және insultтардың алдын алуда антиагреганттық қасиеті болады. Бас миын перфузиясын жақсартуда алдымен жүйелерді және церебралды гемодинамикаларды қалпына келтіру (медикаментозды, хирургиялық жолдармен); қанның реологиялық қасиетін, микроциркуляцияны; көктамырлық ағымды қалпына келтіру. Созылмалы цереброваскулярлы патологияның емінде тек қана макротамырлардағы қан ағысын жақсарту маңызды ғана емес, сонымен бірге микроциркуляцияны белсендіру және ми тінінің метаболизмін жақсарту қажет. Жасы келген адамдарда церебралды атеросклероз фонында, белсенді антигипертензивті терапия симптоматиканың нашарлауына алып келуі мүмкін екендігін ескеруіміз қажет. БСИ негізіндегі әртүрлі патогенетикалық механизмдерді ескере отырып, комбинирленген әсері бар препараттармен емдеу тиімді болып табылады, олар өкінішке орай, клиникалық тәжірибеде жиі кездесетін көріністер-полипрагмазияны болдырмауға көмектеседі. [6,7]

Қазіргі зерттеуіміздің мақсаты БСИ бар науқастардың емінде «Танакан» препаратының терапевтикалық тиімділігін және төзімділігін оқып үйрену болып табылады. «Танакан» препаратын таңдау, оның бас миына керемет органоспецификалық мультимодалды әсерінің бар болуы және жиынтықтық көпқызметтік әсері, стандартизацияланған және европалық сапалы титрленген өсімдік препараты болуы негіз болып табылады. «Танаканның» көптеген құнды қасиеттерінің ішіндегі ерекшесі бас миының аэробты энергетикалық метаболизмін, оттегінің және глюкозаның сіңірілуін, АУФ синтезін жоғарылататынын және лактаттың элиминацияның жылдамдататынын ерекше бөліп көрсетуге болады. Препарат церебралды тамырлардың, артериялардың, көктамырлардың және қылтамырлардың тонусын жақсартады. «Танакан» сонымен бірге нейрорптекциялық қабілетке ие. Бұл нейрондарды лактат-ацидоздың, бос радикалдарынан және липидтердің асқын тотығу өнімдерінің зақымдаушы әсерінен қорғауда, гипоксиялық және ишемиялық әсерге әкелетін нейрондардың өлі еттенуінің тоқтауында және өміршеңдігі жоғарылауында айқын көрінеді. «Танаканның» ең маңызды ерекшелігі, зақымдалмаған синапстардың функционалды белсенділігін жоғарылату жолымен, жаңа синапстық байланыстар түзіп, нейромедиаторлардың алмасуын белсендіріп, босату, жұтылу және норадреналин, допамин, серотонин, ацетилхолин катобализмдерін және мембраналық рецепторларды байланыстыру арқылы, орталық жүйке жүйесінде компенсаторлы-қалпына келтіру үдерісінің активациялау қабілеті бар болып табылады. Сонымен бірге препарат эритроциттердің агрегациясына, тромбоциттердің активация факторына тежеуші әсер етеді, тағы церебралды және шеткерілік деңгейде ісінуге қарсы әсерге ие, бұл қасиеті БСИ кезінде патогенетикалық терапияны жүзеге асыру үшін қажет. [8]

Материал және зерттеу әдістері.Зерттеуде БСИ клиникалық және парклиникалық көріністерге ие 50 пациент (27 әйел және 23еркек) қатысты. Науқастардың жасы 51 ден 72 жасқа дейінгі аралықта (орташа 61,2 ± 2,9 жыл).

Критерийлерге кірмейді: психикалық ауруларының болуы; декомпенсация дәрежесіндегі қосалқы соматикалық патологиялар; онкологиялық аурулары бар науқастар.

Зерттеуге I және II дәрежедегі дисциркуляторлы энцефалопатия бар пациенттер кіргізілді, олар 2 топқа бөлінді: негізгі (25 пациенттер) және бақылау (25 науқас) Негізгі топтағы науқастар «Танаканды» 40-80 мг мөлшерде үш реттен, 2 ай бойы қабылдаған. Бақылау тобына кірген пациенттерге сәйкес мөлшерде пирацетаммен ем жүргізілді.

Барлық пациенттерге динамикада неврологиялық, қанның биохимиялық және коагулометриялық көрсеткіштеріне тексерулер жүргізілді. Сонымен бірге тексеру хаттамасына электрокардиография, электроэнцефалография, бас миының компьютерлік немесе магниторезонанстық томографиясы, нейрорпсихологиялық тексерулер кіреді. Науқастар терапевтің, офтальмологтың тексерулерінде болды.

Зерттеу жүргізілген кездері пациенттер гипотензивті, антиагрегантты препараттарды жекелеп таңдалған мөлшерде қабылдауды жалғастырды. Емнің тиімділігі неврологиялық тексерудің, пациенттің өзінің жағдайын субъективті бағалауы, нейропсихологиялық және нейрофизиологиялық зерттеу әдістерінің мәліметтері бойынша бағаланды.

Клиникалық тиімділік 5-балдық шкаламен бағаланды: 0-нашар, 1-жақсарудың болмауы, 2-минималды жақсару, 3-жақсару, 4-айқын жақсару, 5-көптеген симптомдардың азаюы.

Емнің субъективті бағасы жалпы клиникалық көріністердің шкаласы көмегімен жүргізілді (-3 – нашар, -2 – айқын нашар, -1 – минималды нашарлау, 0 – өзгерістің болмауы, 1 – минималды жақсару, 2 – жақсару, 3 – айқын жақсару).

Нәтижелері. Неврологиялық симптомдардың динамикалық бағасы: негізгі топтың 23(92%) пациентінде айқын оң тиімділік анықталды. Неврологиялық симптомдардың жақсы регрессі бақылау топтағы 16 (64%) пациентте байқалды. Бақылау тобының 8 (32%) пациентінде айтарлықтай динамика болмады. Неврологиялық бұзылыстардың ішінде емдеу нәтижесінде ең бірінші статикалық және динамикалық атаксияның, көз қозғалтқыш бұзылыстарының сезімталдық бұзылыстарының регрессі байқалды.

«Танакан» препаратын комплексті терапияда қолданған пациенттер, бақылау тобымен салыстыру бойынша өздерінің жағдайларының жақсарғанын байқаған. Бұл тенденция терапияның 14-ші күнінен бастап тексерулерде емнің курсының соңына дейін сақталған.

Ұсынылған мәліметтерден «Танаканды» курстық қабылдауда когнитивті қызметтің жақсарғаны байқалды. Негізгі топтағы БСИ бар пациенттерде есте сақтаулары және зейіндері айтарлықтай жақсарғаны нейропсихологиялық тестерді орындаудағы динамиканың анализдері куәландырады.

Зерттеудегі пациенттер «Танакан» қабылдау кезінде жағымсыз әсер реакциялары немесе асқынулар анықталмады.

Қорытынды. Созылмалы цереброваскулярлы жеткіліксіздіктің өзекті мәселе екендігі күмән туғызбайды. Қарт жастағы он миллиондаған БСИ бар адамдар үнемі тек назар аударуды ғана емес, сонымен бірге емдеуді де қажет етеді. «Танакан» препараты бас миына керемет органоспецификалық мультимодалды әсерінің бар болуы және жиынтықтық көпқызметтік әсері, стандартизацияланған және европалық сапалы титрленген өсімдік препараты, осындай қасиетке ие бола отырып, БСИ бар науқастардың терапиясында полипрагмазияны болдырмауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Одинак М.М., Михайленко А.А., Иванов Ю.С., Семин Г.Ф. /Сосудистые заболевания головного мозга.- СПб.: Гиппократ, 1998.-160 с.
- 2 Кадыков,А. Хроническая недостаточность мозгового кровообращения (дисциркуляторная энцефалопатия)/ А.С. Кадыков, Л.С. Манвелов, Н.В. Шапаронова.- СПб: ГЭОТАР-Медиа, 2006.- 236 с.
- 3 Гусев,Е. Ишемия головного мозга. / Е.И.Гусев, В.И. Скворцова.- М.: Медицина; 2002.- 400 с.
- 4 Весельский И.Ш., Саник А.В. Микроциркуляция, реологические свойства крови и их коррекция при ишемических нарушениях мозгового кровообращения. // Журн. невропатол. и психиатр. им. С.С. Корсакова. 1991. - №11. – С.67–70.
- 5 Весельский И.Ш., Плюшко А.Д. Изменения микроциркуляторно-реологических свойств крови и их коррекция у больных атеросклеротической и инволюционной депрессией. // Журн. невропатол. и психиатр. им. С.С. Корсакова. 1995. -№5. – С. 69–74.
- 6 Волошин, П.В. Лечение сосудистых заболеваний головного и спинного мозга / П.В. Волошин, В.И. Тайцлин.- 3-е изд., доп.- М.: МЕДпресс-информ, 2005.- 688с.
- 7 Гусев, Е.И, Лекарственные средства в неврологии. Практическое руководство /.- М.: «Нолидж», 1998.- 304 с.
- 8 Tailandier I., Ammar A. et al. Traitment des troubles du vieillissement cerebral par l' extrait de Ginkgo biloba. Presse Med.,1986, 15: 1583-7.

Г.Б АБАСОВА, Г.А.ДИХАНБАЕВА, А.Ш.ШАКЕН, Е.Е.ИСМАЙЛОВ

К ВОПРОСУ ЛЕЧЕНИЯ БОЛЬНЫХ С ХРОНИЧЕСКОЙ ИШЕМИЕЙ МОЗГА

Резюме: Целью настоящего исследования явилось изучение терапевтической эффективности и переносимости препарата «Танакан» в лечении больных с хронической ишемией мозга. 25 пациентов основной группы исследования получали «Танакан» в дозе 40-80 мг трехкратно, в течении 2-х месяцев. На фоне курсового приема «Танакана» отмечалось улучшение когнитивных функций, в виде положительной динамики выполнения нейропсихологических тестов, свидетельствующих о значительном улучшении памяти, внимания, а также регресс очаговой неврологической симптоматики у пациентов с ХИМ. Препарат показал хороший профиль переносимости и может быть рекомендован для лечения данной категории больных.

Ключевые слова: лечение хронической ишемии мозга.

G.B.ABASOVA, G.A.DIHANBAEVA, A.SH.SHAKEN, E.E.ISMAILOV

ON THE QUESTION OF THE TREATMENT OF CHRONIC ISCHEMIC OF THE BRAIN

Resume: The aim of this study was to evaluate the therapeutic efficacy and tolerability "Tanakan" in the treatment of patients with chronic cerebral ischemia. 25 patients of the study group received "Tanakan" at a dose of 40-80 mg three times in the course of 2 months. Against the background of course taking "tanakan" showed improvement in cognitive function, in the form of positive dynamics perform neuropsychological tests indicating significant improvement in memory, attention, as well as regression of focal neurological symptoms in patients with chronic cerebral ischemia. The drug has shown a good tolerability profile and can be recommended for the treatment of these patients.

Keywords: treatment chronic cerebral ischemia.

